

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XPUF9857>

**\*А. М. Ибрагим<sup>1</sup>, Е. К. Карбозов<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Қазақстан Республикасы, г. Алматы

\*e-mail: [ibragimayagoz@gmail.com](mailto:ibragimayagoz@gmail.com)

## **ҚАЗІРГІ ФЭНТЕЗИ ШЫҒАРМАЛАРДА ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАРДЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ**

Мақалада қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие болып отырғанына қарамастан, Қазақстанда теориялық тұрғыдан әлі де болса жеткілікті дәрежеде зерттеле қоймаған фэнтези жанрындағы шығармаларда әмбебап және ұлттық фольклорлық мотивтердің көрініс табуы және олардың өзгеруі анықталады. Бұл мақалада З. Наурызбаева мен Л.Қалаустың «Бату және оның достары «Алтын тостағанды іздеу» повесті мен Тауфих Шегировтің «Келешек туралы» роман-фэнтези шығармалары мысалында түркі мифологиясын бейнелеудің модельдері, фольклор элементтерінің көрініс табуы дескриптивтік әдіснама негізінде эмпирикалық тәсіл арқылы қарастырылады және Дж. К. Роулиннің Гарри Поттер туралы шығармаларымен саластырмалы түрде талданады. Қазіргі әдебиеттегі мифологияны бейнелеудің екі моделі туралы айтуға болады: мифологиялық «шындықты» қайта құру немесе ежелгі халықтардың мифопоэтикалық көзқарастарына негізделген авторлық миф жасау. Қалың оқырман көңілінен орын тауып жүрген фэнтези шығармаларда фольклорымыз қандай күйде және қаншалықты беріліп жатыр деген сұрақ осы мақаламызға арқау болды. Талдау нәтижесінде фольклорлық архетиптер жоғарыда аталған шығармаларда негізгі рөл атқаратындығы және онда авторлық интерпретациясы негізінде ерекше трансформацияға ұшырағандығы анықталады. Сондай-ақ шығармалардағы басты кейіпкерлердің қазақ фэнтезиінде де, ағылшын фэнтезиінде де ертеден келе жатқан жыныстық таптаурындарға сай жасалғандығын ескерсек, оның себебін анықтау зерттеуіміздің жалғасы болмақ.

*Кілтті сөздер: фэнтези, фольклорлық мотивтер, мифтік образ, трансформация, балалар әдебиеті.*

## **Кіріспе**

Сонғы онжылдықта еліміздегі оқырманның өз халқының мифологиясына деген қызығушылығы артып, Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін кітап дүкендерінің дүңгіршектерін толтырған Батыстың фэнтезінен үлгі алып, «қазақ фэнтезінін» кіші жанры танымал бола бастады. Көптеген жазушылар (З. Наурызбаева, Л. Калаус, Т. Шеғиров, Р. Сауытбай, Т. Ермашев және т.б.) қазақ мифологиясының кейіпкерлері қоныстанған психологиялық тұрғыдан сенімді әлем құруға тырысып, қазақ фольклорын өз шығармаларына арқау етті. Ұрпақтар сабақтастығы үзілуі ұлт тамырына балта шапқанмен тең. Өз ұлтының шыққан тегін, наным-сенімін, салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін білмей өскен ұрпақ өз тарихынан құр алақан қалғандай күй кешері анық. Бүгінгі әдебиетшілеріміздің алдына қойған маңызды да мәнді мақсаттарының бірі жас оқырманның қызығушылығын ескере отырып, күштеп таңусыз-ақ, халқымыздың фольклорын көркем түрде бойына сіңіру болмақ. Осы мәселені ескере отырып, қалың оқырман көңілінен орын тауып жүрген фэнтези шығармаларда фольклорымыз қандай күйде және қаншалықты беріліп жатыр деген сұрақ осы мақаламызға арқау болды.

Фэнтези мен фольклор түрлі жолдармен бір-бірімен астасып жатыр. Айдаһарлар, жезтырнақ пен қамқоршы рухтар, қасқырлар мен вампирлер кітаптарда, фильмдерде және басқа да танымал мәдени шығармаларда қиял-ғажайып мотивтер ретінде көрінеді, бірақ шығу тегі халықтық мотивтер болып табылады және олардың тамыры халық ертегілеріне, халық сенімдеріне негізделген. Фэнтезидің өзі дәлдікпен жазылған ертегі деп анықтама берген екен Синисало, өйткені фэнтезиде ертегінің белгісіз уақыты мен орны ойдан шығарылған тарихпен, отбасылармен және карталармен қиялдағы шындыққа бекітілген.

## **Материалдар мен әдістер**

Бұл мақалада танымал мифолог-ғалым З.Наурызбаева мен Л.Калаустың қаламынан туындаған ғажайып туынды «Бату және оның достары «Алтын тостағанды іздеу» повесті мен Тауфих Шеғировтің «Келешек туралы» роман-фэнтезиі мысалында түркі мифологиясын бейнелеудің модельдері, фольклор элементтерінің көрініс табуы дескриптивтік әдіснама негізінде эмпирикалық тәсіл арқылы қарастырылады және Дж.К.Роулиннің «Гарри Поттер» шығармасымен салғастырмалы түрде талданады. Сондай-ақ жұмыстың теориялық негізіне С.А. Қасқабасовтың және Қ.Жұмалиевтің еңбектері арқау болды.

## **Нәтижелер және талқылау**

Қазіргі биік өреге, озық мәдениетке жеткен қазақ прозасының халық мұрасымен байланысын айқындау – күрделі шаруа. Олай болатыны – ең бергісін айтқанда, көркем прозадағы тілдің өзі халық тілінен ажырап,

жазушының стильдік тезіне түсіп, әбден ұстарып, оралым-өрнегі өзгеріп, жаңа тынысы ашылады[1, 100–101].

Екіншіден, фольклорлық сюжеттер, сарындар, бейнелер прозаға сол қалпында тасымалданбайды, оны дарынды жазушы әбден өңдеп, өз шығармасының көркемдік-эстетикалық талаптарына бағындырып қолданады. Үшіншіден, халық қазынасындағы эпикалық уақыт пен кеңістік прозада реалды-тұрмыстық өлшемге көшіріледі. Эпос пен ертекте кеңістік пен уақыт міндетті түрде бақытты түйінмен, яғни тұйықталып аяқталса, көркем шығармада бұлай болу – қарабайырлық, қарадүрсіндік саналатындықтан, шығарма тосын да шытырман жайтпен тамамдалады. Фольклордың қызметі атам заманда орныққан халық санасындағы таным мен образдарды қадағалау, ұрпаққа ұластыру, бұлжытпай орындату болғандықтан, ол бір ғана қайталау (ескіні дәріптеу) әдісін қолданады, ал әдебиеттің міндеті жаңа қаһармандар мен бейнелерді жасау болғандықтан, ол даралау, оқшаулау (тыңға түрен салу) тәсілдерін кәдеге жаратады[2, 19–26].

Фольклорлық санамызға берік орын тепкен, қазіргі прозада ұлттық негізбен байланыстырылатын рухани байлығымыздың бір көзі – мифтер. Миф әртүрлі көркем бағыттар мен жанрларда орнығып қана қоймай, көркем мәтіннің барлық деңгейіне енді. Әсіресе оның реминисценция түрінде көрінуі өте айқын. Автор мифологиялық есімдерді қолдана отырып, біріншіден, образ сомдайды, екіншіден, белгілі сюжетті қайта түсіндіреді, яғни жаңа стратегиялы есімге бағындыра отырып, ой елегінен өткізеді. Соның нәтижесінде баяндауды мифтендіру жүзеге асады.

Мифтің басты міндеті – жер бетіндегі нәрселердің, аспан шырақтарының, адамның, жан-жануардың пайда болу себептерін түсіндіру. Бұл үшін алуан түрлі ежелгі наным-сенімдер, ұғым-түсініктер пайдаланылады. Солардан мифтік сананы, оның өзгеруін, сөйтіп, бірте-бірте көркем құралға айналғанын көруге болады. Қазақ мифінің ішінде әсіресе кең тарағаны – жер бетіндегі тау-тастың, көлдің пайда болу тарихын баяндайтын, сондай-ақ аспан әлемінің құрылысын түсіндіретін және әртүрлі жануар мен жәндіктердің кейбір қасиеттерін әңгімелейтін шығармалар[3, 26].

Тауфих Шеғировтің «Келешек туралы» деп аталатын роман-фэнтезііне тоқталар болсақ, автор еліміздің тарихын, қазіргі және тәуелсіздіктен кейін орын алған экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелерді ирония мен сатираға кеңінен қалам сілтей отырып, оқырманға ұтымды жеткізеді. Қазақ халқының шығу тарихы мен осы күнге дейін жету оқиғаларын, «киелі Құдайдың нұрына бөленген» халықтың қалай жолдан тайғанын, исі қазаққа тән кереғар мінездер мен кемшіліктерінің себептерін қиялға қанат жайғызып, мифологиялық тұрғыдан түсіндіреді. Әуелде періштелердің қорғауында болып, ырыс-ынтымағы жарасып, ел тамсанып, жаудың азуы

бата алмаған қазақты жаулары перінің қызымен келісімге келіп, пері қызы қазақтың қара домалағын елітіп, қазақтың арасында қазақ пен пері қызынан туылған адам кейпіндегі мақұлықтың ұрпағының араласуынан, Шайтанның азғыруынан қазақ халқы алалана бастайды. Әуелдегі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» азып-тозу мен қиын-қыстау замандарға ауып, қазіргі қазақтың жағдайы мен 200 жылдан кейінгі болашағымызды фэнтези жанрында болжап, өздігінен безіп, орыс пен қытайға қатар еліктеуден сыртқы кейпі де, іші жан-дүниесі де екі жақты қатар дарытқандықтан, жартыкем мақұлыққа айналған «оршұттердің» болашақтағы аянышты жағдайы жайында сөз етіледі.

«Оршұтстан» әлемінде фэнтези жанрына тән белгілер, қасиеттер бар, десе де олар көбінесе сатира түрінде беріледі. Бір қарағанда шығарма желісіне арқау болған кейіпкерлер мен жер-су атаулары, оқиға желісі шындықтан мүмкіндігінше алыс және бұрын-сонды болмаған халықтар туралы болып көрінеді, бірақ кейіпкерлерге жататын халықтардың өздерінің оңай танылатын прототиптері бар. Шығарма хронотопы 2230 жылы Оршұтстан жерінде орын алады. «Қарапайым адамдар» – «мәмбеттер» ауылдарда тұрады, олардың өмірі, сыртқы келбеті, ұстанымдары мен сөйлеу ерекшеліктері бойынша байырғы көшпелі салтты ұстанған, өзге ұлттардың араласпасынан әлдеқайда алшақ қазақ халқы екендігі оқырманға бірден ұғынықты болады. Тұрмыстық сипаттамалар айқын көрініс тапқан, қазақ ұлтының танымал бейнесін жасау үшін бірнеше жарқын белгілер беріледі: қазақ тағамдары туралы, қазақ фольклорына, мінез-құлықтарына сілтемелер: «– *Бұл Жанат Ахмади деген мәмбеттердің атақты ертегішілерінің бірі. Әр ауылдың өз ертегішісі бар. Мәмбеттер радио тыңдап, телевизор көргеннен гөрі көбіне өздерінің жыр-хисса, ертегі-әңгімелерін тыңдағанды бек құп көреді. «Қобыланды», «Қырымның қырық батыры», «Қарасай-Қази», «Бақтиярдың тоқсан бұтағы» дейтін хисса-дастандарды таңды-таңға ұрып неше күн, неше түн жырлайды. Жанат ертегіші қазір «Абай жолы» деген атақты романды айтып отыр. Әрқайсысы кірпіштей төрт кітап. Соны жеті күн бойы жаңылмай жатқа айтады*» [4].

Қазақтар құрған елдің, қалалардың, саяси тұлғалардың атаулары шифрланған, десе де олардың шынайы өмірдегі прототиптерін табу қиынға соқпайды: «Бозақия» «Қазақстаннан» қайта жасалды, «Кезбек» атауында «өзбек» елінің атауы.

Шығармада баршамызға бұрыннан белгілі аңыздар кірістірілген әрі автор тарапынан өзінше өңделген, өзгертілген. Мәселен, Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай туралы аңыз, Аққу құс туралы аңыз, «Мұңлық-Зарлық» сынды ауыз әдебиетіміздің көрнекті өкілдері шығармаға арқау болған.

Романдағы сиқырлы жаратылыстардың дені басқа фэнтези жанрында кездесетін сиқырлы жаратылыстардан мүлдем ерек. Шығармадағы олардың рөлі сиқыр орнату не басқа әлем тұрғыны емес, қазақтың басына қара бұлт болып төнген Семей полигоны сынды тарихи экологиялық проблемалардың салдарынан туылған адам-құбыжық мутанттары болып табылады: туылғаны қырық күн толған сәбидің 32 тісінің аксиып, ақ сақалы беліне түсуі, денесін аюдай қара түк басқан жарымжандар мен маңдайына қос мүйізі қатар біткен мақұлықтар, т.б.

Қазақ фольклорында бұл фантастикалық жаратылыстар жоқ емес. Албасты, жезтырнақ, жалмауыз кемпір, Дәу және тағы басқаларын қазақ халқының аңыздары мен ертегілерінен еш қиындықсыз табуға болады, бірақ кейбір себептерге байланысты олар аз зерттеліп, олардың барлығын біріктіріп, ғылыми тұрғыдан жіктеуге талпыныстар осы уақытқа дейін, өкінішке орай, жасалмады.

Фэнтези шығармалардағы орын алатын сиқырдың дерлік барлығы қандай да бір заттың көмегімен жүзеге асып жатады. Әсіресе «Гарри Поттермен» сусындап өскен қазіргі жасөспірімдер мен балалар сиқырды таяқтың жасайтынына бек сенімді. Десе де, мұндай мотив қазақ ертегілерінде де толып жатыр. Мәселен, жер бетін түгел көз алдына әкелетін айна; діттеген мекенге көзді ашып-жұмғанша ұшырып жеткізетін кілем, өлгенді қайта тірілтетін таяқ («Қасиетті құдық» ертегісі); бетін жалап қалған сәтте барлық жан-жануардың тілін түсіну қабілетін беретін асыл тас («Сұрмергеннің ажалы» ертегісі). Жалпы алғанда, осындай ғажайыптардың жасай алатын сиқырлы заттар қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде лық толы [9].

Кәдуілгі күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген заттардың сиқырлы күнге ие болу сәттері Құранда да кездесіп жатады. Мәселен, «Құранның 2-сүре, 57-аятында былай делінген: (Мұса өз халқы үшін ішімдік су сұрайды. Біз (Алла) айттық: «Ұр тасты таяғыңмен». Ол ұрды, тастан 12 бұлақ ақты, әрқайсысы өздерінің су ішетін бұлақтарын біліп алды...»).

Бұл Құран аятын мысалға келтірудегі бірден-бір ниет – оқырман назарын сиқырлы таяққа аудару. Мысалдағыдай, тасты ұрғанда су шығаратаны құдіретті таяқ қазіргі өмірде бар ма?! Болмаса, болашақта жүзеге асуы мүмкін идея ма екен? Осы сиқырлы таяқ идеясын қазіргі заман ғылымының тұрғысынан қарап, оны жаңа бір фантастикалық идеяға ұластырып алып кетуге болмас па екен?! Басқа қарапайым заттардан гөрі фэнтези шығармаларда таяқтың сиқырмен тығыз байланыста көрініс табуында фольклорға арқа сүйеу болып табылады. Кейбір аңыз-әңгімелерде ел арасында сыйлы, әулие кісілер үнемі өздерімен асатаяғын тастамай жүретіндігін көп кездестіреміз. Және де әулие дүние салған, сол асатаяғы арқылы оның әулиелігі асатаяқты ұстаған ұрпағына даритын сарындар да жиі ұшырасады.

Қазақ халқы өзінің өмір-салтын, тұрмыс-тіршілігін, кейбір әрекетін ағашқа теліп, ағаштарды адам бейнесіне енгізіп, сан түрлі аңыз-әңгіме шығарған. Солардың ішінде ең көп таралғандарының бірі – қасиетті Бәйтерек ағашы туралы аңыз-әңгімелер. Осы Бәйтерек ағашын өз шығармаларына арқау еткен Зира Наурызбаева мен Лиля Калаус «Алтын тостағанды іздеу. Бату және оның достары» фэнтези-повестінде осы дүниеден сиқырлар әлеміне сапар шегу үшін қасиетті бәйтерек ағашынан жасалды деп есептелетін домбыраның көмегімен ғана мүмкін болатыны айтылады. Жалпы алып қарағанда, исі қазақ үшін қасиетті, құдіретті болып саналатын домбыраның фэнтези жанрындағы қазіргі шығармаларда маңызды рөл ойнатудағы негізгі мақсат – кейінгі ұрпаққа сол қасиетті жеткізе білу, естен шығармау. Аталмыш жанрдағы шығармаларда домбыра біз білетін әуен шығару функциясынан бөлек қандай да бір қасиетті жануарға трансформациялану қасиетіне ие болу арқылы автордың қиялының жүйріктігінен хабар береді. Сондай-ақ осы арқылы авторлар домбыраны жанды етіп көрсете білген. Мәселен, «Алтын тостағанды іздеу. Бату және оның достары» фэнтези-повестінде домбыра екінші сиқырлы әлемде басты кейіпкерлер Бату мен Аспараның айнымас серігі – қанатты пыраққа айналса, Тауфиқ Шеғировтің «Келешек туралы» роман-фэнтезиінде аққуға айналады. Қазақ фольклорында ерекше орынға ие Бәйтеректің басқа ұлттарға ортақ «Әлемдік Ағаш» концепті – әлемдік ағаш тұжырымдамасы – ғаламның көп деңгейлі құрылымы идеясының және сонымен бірге оның тұтастығының ең көп таралған символы.

Жалпы алғанда, «Әлемдік Ағаш» тақырыбындағы ғылыми әдебиеттер өте бай, мұны М.Элиаданың үш томдық «діни ой тарихында» келтірген әлемдік ағаштың кең деректері дәлелдейді. Ал кеңес ғылымында ол алғаш рет 70-80 жылдары В.Н.Топоровтың еңбектерінде тұжырымдалған.

Қазақ мифологиясына келетін болсақ, әлемнің үш сатылы моделінің тұжырымдамасы мұнда өте айқын көрінетінін атап өткен жөн. Қазақ ертегілерінде ертеден мифтен енген Самұрық құсты бесіктен белі жаңа шыққан сәбиден бастап біледі. Ал ел ішінде тараған осы аңыздың бірнеше нұсқасы белгілі. Жалпы алғанда, Самұрық құсқа байланысты айтылатын сюжет бойынша басты кейіпкер-батыр алып ағаш бәйтеректің көлеңкесінде ұйықтап жатады. Бір уақытта ағаш басындағы ұяда жатқан балапандардың жанұшыра шырылдаған даусын естіп қараса, қандыауыз аждаһаны көреді. Батыр айдаһарды өлтіреді. Сол заматта аспан түнеріп, жойқын жел соғады да аспан нөсерлетіп қоя береді. Анығында бұл табиғаттан емес, балапандарын тірі көруден үміті үзілген самұрық құстың қанат қағысы мен көз-жасы еді. Балапандарын құтқарған батырға алғыс ретінде құс бір қауырсынын жұлып беріп, «жаның қиналғанда түтетсең, жаныңнан табыламын» деп уәде береді. Аңыздағы осы сарын «Алтын тостағанды іздеу» фэнтези-



повестінде кездеседі. Аспара белбеуіндегі кісесіне қолын салып, анасы сыйға тартқан қауырсынды алып шығады да, өзі білетіндей көмекке самұрық құсты шақырып, оны тұтата бастайды. Алайда арада сүттісірім уақыт өтсе де, лезде жанынан табылуы тиіс самұрық келе қоймайды. Есесіне, Аспара мен Батуға қарай арбиған ұзын қолдарын ербендетіп, көзге қораш мақұлық іспетті Мыстан кемпір жүгіріп келе жатады. Авторлардың осы сарынды өз шығармаларына арқау етуіндегі мақсаты – жас оқырманға халқының ауыз әдебиетін еске түсіру әрі осы арқылы өскелең ұрпаққа көктен (бұл жерде сиқырлы Самұрық құстан) ғажайып күтпей, өз жігерімен қиындықты еңсеруге үндейді.

Аңыз күн мен түннің, қыс пен жаздың, жарық пен қараңғылықтың өзгеруін, зұлымдық пен жақсылықтың күресін, тепе-теңдікті және оларды күнделікті өмірде өзгертуді білдіруі мүмкін. Бәйтерек пен әлемдік ағаш туралы әртүрлі және көптеген ғылыми талдаулардың нәтижелері бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

– Қазақ мифтерінде әлемдік бәйтерек ағашы жердің ортасында көтеріліп, үш ғарыш аймағын байланыстырады;

– Бәйтерек аспанды қажетті биіктікке көтереді және ұстайды, яғни аспанның тұрақтылығының кепілі болып табылады;

– Бәйтерек-жердегі тіршіліктің тууының, оның өркендеуінің символы.

Осы шығармаға арқау болған самұрық құс туралы аңыздағы «Құс-ағаш-жылан» схемасы әлемдік ағаш тұжырымдамасының семантикалық өзегін біршама трансформативті түрде білдіреді.

Фэнтези жанрында қалам тербеушілер міндетті түрде халықтың аңыз, ертегілеріне шолу жасап, өз еңбектеріне халық фольклорының қандай да бір сарындарын я элементтерін арқау етеді. Өйткені ертеректегі арман-қиялдың нағыз шоғырланған тұсы да осында болып табылады. «Аңыз әңгімелерде фантазия да араласады, бірақ аңызға айналған адамның өзі тарихи адам болғандықтан, фантазия оның айналасындағы қарым-қатынасы болған құбылыстарында болмаса, аңыз болған геройлардың өз бастары реалдық адам қатарында қала береді», - дейді академик Қ.Жұмалиев [5, 64]. Демек, мұнда белгілі бір фольклорлық образдың жағымды қасиеттері автор тарапынан қайта жаңғыртуға ұшырап, реминисценцияланған, жаңа образ жасауда көркемдік келісім тапқан. Қаламгердің адам мен аң-құстың сипаттарына жіті ден қоя отырып, көне мифтік ұғымдарды жаңа қырынан тірілте қолданып, көркемдік шеберлікке жетуі.

«Алтын тостағанды іздеу» фэнтезиінде Дана әжесінің емшілік қасиеті болғандығын және әжесінің ғұмыры таусылуға айналған жылдары ауылда белгісіз індет жайлап, жұрттың қырыла бастағанын айтады. Бір күні түнде тау жақтан айрықша дауыс естіледі де, ертеніне бүкіл ауыл індеттен құлан-

таза айығады. Түнгісін дауыс шыққан орынға барған жұрт ақ жылан мен өлі аюдың денесін көреді. Сол күні Дананың әжесі дүние салады. Демек, шығармада ақ жылан жақсылықтың, аю ауру-індеттің символы ретінде берілген. Шығарма авторларының қазақ мифологиясын терең зерттеп, бүге-шүгесіне дейін қанық болғандығын осыдан байқасақ болады. Өйткені авторлар шығыс фольклорының кең қанат жайған анимизм түсінігіне сүйене отырып, Дананың әжесін ақ жылан кейпіне енгізеді. Осы тұрғыда атақты фольклор зерттеушісі С.Қасқабасов былай дейді: «Алғашқы қауым адамы өзін табиғаттан, жан-жануардан бөлмеген, яғни «адам мен табиғаттың теңдігі» туралы заң қалыптасқан. Адам өзін қоршаған ортадағы нәрсенің бәрі адам сияқты жанды нәрсе, олар адамша тірлік етеді, сондықтан олармен адам тікелей араласа алады, оп-оңай бір-біріне ауысады, құбылып бірі-бірінің кейпіне ене алады, тілдеседі деп нанған. Мұндай анимизм фольклорда, әсіресе миф пен ертегіде жиі кездеседі: адам оп-оңай аңның немесе басқа бір нәрсенің түріне енеді, я болмаса, хайуан адам кейпіне ауыса алады, ол адамша сөйлейді; немесе адам мен жануар үйленіп, бірге ғұмыр кешеді» [3, 7].

Бұл үзінді қазақтар арасында мифтік бейнелер әлемі қаншалықты күрделі болғандығын айғақтайды. Бір жағынан, олар халықтық ауызша прозада толыққанды өмір сүрді, екінші жағынан, сол қиялдағы жаратылыстармен халық емшілері – бақсы өмірінде шынымен күрескен. Егер бұған қазақтың классикалық ертегілеріне көшіп, эволюция процесінде сол мифтік тіршілік иелері мүлдем зиянсыз бейнелерге айналғанын қосатын болсақ, онда шындық қайдан басталатынын және оның мифке қай жерде ауысатынын түсіну мүмкін емес болады.

Аталмыш шығармада қазақ фольклорының маңызды бөлігінің бірі «тыйым сөздердің» жас оқырманға сыры мен мәні үйлесімді, жеңіл, нақты ашылғандай. Олай дейтініміз, «табалдырықта тұрма!» дегенді ата-әжелерімізден естімегеніміз жоқ шығар. Десе де, оған аса мән беріп, мағынасын, шығу төркінін, себебін іздеуге асыққандар көп болмаса керек. «Алтын тостағанды іздеу» шығармасында «табалдырық» концептіне қатысты мына бір жолдарға назар аударсақ: «Әженнің саған неліктен табалдырықта тұруға тыйым салатынын білесің бе? Себебі кез келген есік басқа дүниеге апаратын босаға болып шығуы мүмкін. Табалдырықта тұрғанда, сен дүние шегінде тұрдың. Маған да табалдырықтан тіл қаттың, мен жауап бердім» делінген [6, 17]. Демек, қазақ фольклорынан бек орын алған тыйым сөздердің қай қайсысы болмасын, атам қазақтың сонау тарихынан, бастан өткерген жақсы-жаман күндерінің әсерінен жинақталып, кейінгі ұрпағынан жаманнан қорғап, жақсыға бастау мақсатында айтылып қалған деп ұғамыз.

Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қазақ пен ағылшын ұлттарының мифологиясында белгілі бір ұғымдарға қатысты ұқсастықтар өте көп. Және

оның себебін анықтау алдағы уақыттың еншісіне қалдырамыз. Мәселен, екі ұлттың мифологиясында да жылан культінің алатын орны ерекше. Шынтуайтында, мифтік ұғымдардың кейбірі тарихи болмыс туралы қандай да бір бағдар беретін болса, енді бірі нақты тарихи көрсеткіштерге айналса, не бір түйткілді шешудегі негізгі айғақ қызметін атқарып тұрады. Сондай мифтік көрсеткіштердің бірі әрі бірегейі – мифологиялық жылан культі. Жыланға табынатын халық та бар, оны дұшпан, зұлымдықтың қайнар көзі деп санайтын халық та бар. Жыланды тотем деп түсіну, оған табыну салтының шығуы нақты бір өркениеттің орналасқан, өрбіп шыққан аймағының климаттық жағдайларына да байланысты. Түркілерде жылан культі аса маңызды сенім-нанымдық жиынтықтың бірі болып саналады. Сөзімізге дәлел ретінде фольклорлық-мифологиялық материалдардан, архелогиялық материалдардан, түрік тілінің сөздік қорынан кездестіретін мәліметтерді келтірсек болады. Біздің ертегі-мифтерімізде де Жылан-Бабаның есімі сақталған. Арғызақастар рухтың бейнесін жыланмен сәйкестендіргенін де байқауға болады. Адам өлгенде оның жаны жыланға айналады деген түсінік болған екен. Ер Төстіктің жер астына түсіп Жылан-Бапы ханның еліне баруы, Қорқыттың ажалы жылан кейпінде келуі – жыланның біздің түсінікте о дүниемен байланысы барлығына мысал бола алады. Қазақ халқы жыланды киелі жануарға балаған. Жоғарыда жылан әр ұлттың түсінігінде әртүрлі көрініс табатынын атап өттік, мәселен, зерттеу пәніне айналған қазақ және британ фэнтезилеріндегі жылан культінің көрініс табуы айтарлықтай айырма жасайды. «Гарри Поттерде» Василиск есімді жылан зұлымдықтың, қайғы-қасіреттің символы ретінде беріліп, басты кейіпкер Гарри онымен күресте жеңіске жетеді [11].

### **Қорытынды**

Қорыта келе, қазіргі фэнтези жанрында жазылған шығармалардағы фольклорлық мотив жаңа серпін, тың ізденістерге толы. Атам заманнан бері келе жатқан аңыз-әңгімелер, ертегілер, мифтер, эпос-хикаялар реминисценция үлгісімен қайта жанданып, жаңаша түрде халық санасынан орын алған. Қазіргі фэнтези шығармалардағы фольклорлық сарынның қолданылуы, авторлық танымға, шығарманың идеясын ашуға қызмет етсе, екіншіден, кейіпкер образын, рухты тануға, қоғамдағы әлеуметтік ақиқатты танып-білуге айрықша септігін тигізеді.

«Бату және оның достары» және «Гарри Поттер» шығармаларының ортақ ұқсастықтары да аз емес. Мәселен, басты кейіпкерлер тұрғысынан қарастырар болсақ, екі шығармада да екі ұл бала мен қыз баланың болуы, қыз баланың ұлдарға қарағанда батылдырақ, ақылдырақ болуы. Десе де, ділдік тұрғыдан жер мен көктей айырма жасайтынына қарамастан қос шығармада да барлық негізгі оқиға қазақ фэнтезиінде Батудың, ал ағылшын фэнтезиінде

Гарридің айналасында өрбиді. Демек, екі елде де феминизм мәселесі ушығып тұр деген сөз. Тағы бір мән беретін қызық мәселе – екі шығарманың да авторлары нәзік жандылар екендігінде.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 **Уәлиев, Н.** Сөз мәдениеті. Алматы : Мектеп, 1984. – 107 б.
- 2 **Қасқабасов, С. А.** Қазақ фольклоры: статусы мен теориялық негіздері // қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 1-т. Алматы, 2008. – 320 б.
- 3 **Қасқабасов, С. А.** Ойөріс. Алматы : «Жібек Жолы», 2009. – 303 б.
- 4 [Электронды ресурс]. – <https://abai.kz/post/40430>
- 8 **Жұмалиев, Қ.** Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы : «Жазушы», 1958. – 420 б.
- 6 **З. Наурызбаева, Л. Калаус.** Алтын тостағанды іздеу : Бату мен оның достарының бастан кешкендері. повесть – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 233, [1] б.
- 7 **Роулиң, Ж. К.** Хэрри Поттер мен пәлсапа тас. Алматы : Steppe & World Publishing, 2020. – 324 б.
- 8 **Дербісәлин, Ә.** Дәстүр мен жалғастық. – Алматы : Ғылым, 1976. – 204 б.
- 9 Алтын бит. Қазақ ертегілері-Алматы : Жалын, 1983. – 84 б.
- 10 **Griesinger, E.** Harry Potter and the «Deeper Magic»: Narrating Hope in Children’s Literature, Published by: The Johns Hopkins University Press, Vol. 51, No. 3 (Spring 2002), pp. 455–480
- 11 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Chamber of Secrets. New York: Scholastic, 1999.

### References

- 1 **Ualiev, N.** Soz mádenieti [Word culture ]. Almaty : Mektep, 1984. – p.107
- 2 **Qasqabasov, S. A.** Qazaq fol`klory` : statusy` men teoriyalıq negizderi [theoretical basis and status of Kazakh folklore] // qazaq ádebietinin tarihy`. 10 tomdy`q. 1-t. Almaty`, 2008. – p.320
- 3 **Qasqabasov, S. A.** Ojoris. Almaty` : «Zhibek Zholy`», 2009. – p. 303
- 4 [Electronic resource]. – <https://abai.kz/post/40430>
- 5 **Zhumaliev, Q.** Qazaq e`posy` men ádebieti tarihy` m áseleleri [The issues of Kazakh epos and history of literature]. – Almaty` : «Zhazushi», 1958. – p. 420
- 6 **Z. Naurzbaeva, L. Kalas.** Alty`n tostagandy` izdeu : Batu men ony`n dostary`ny`n bastan keshkenderi [Seeking the golden bowl: adventures of Batu and his friends]. povest` – Almaty` : Qazaq e`nciklopediyasy`, 2018. – p. 233, [1]

7 **Rowling, Zh. K.** Garri Potter men p ́alsapa tas [Harry Potter and the philosopher's Stone]. Almaty : Steppe & World Publishing, 2020. – p. 324

8 **Derbisálin, Á.** Dástür men jalǵastyq [Tradition and continuity]. – Almaty : Gylym, 1976. – 204 p

9 Alty`n bit. Qazaq ertegileri [Golden louse. Kazakh fairytales] – Almaty` : Zhaly`n, 1983. – p. 84

10 **Griesinger, E.** Harry Potter and the «Deeper Magic»: Narrating Hope in Children's Literature, Published by : The Johns Hopkins University Press, Vol. 51, No. 3 (Spring 2002), pp. 455-480

11 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Chamber of Secrets. New York : Scholastic, 1999.

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

\*А. М. Ибрагим<sup>1</sup>, Е. К. Карбозов<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>ҚазНУ имени Аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Принято к изданию 08.09.23.

## ОТРАЖЕНИЕ ФОЛЬКЛОРНЫХ МОТИВОВ В СОВРЕМЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ФЭНТЕЗИ

*В статье рассматриваются проявление универсальных и национальных фольклорных мотивов и их изменение в произведениях жанра фэнтези, которые, несмотря на то, что сейчас очень популярны, в Казахстане теоретически еще недостаточно изучены. В данной статье рассматриваются модели изображения тюркской мифологии, отражение элементов фольклора на основе дескриптивной методологии, эмпирического подхода на примере повести З. Наурызбаевой и Л. Калауса «Бату и его друзья в поисках золотой чаши» и романа-фэнтези Таухфика Шегирова «Келешек туралы», также проводится сопоставительный анализ с произведениями Дж. К. Роулинга о Гарри Поттере. Можно говорить о двух моделях отражения мифологии в современной литературе: воссоздании мифологической «реальности» или создании авторского мифа, основанного на мифопоэтических воззрениях древних народов. Вопрос о том, в каком состоянии и в какой степени передается наш фольклор в фэнтезийных произведениях, который находит отклик у широкого читателя, лег в основу этой статьи. В результате анализа выясняется, что фольклорные архетипы играют основную роль в*

*вышеперечисленных произведениях и претерпевают в них особую трансформацию на основе авторской интерпретации. Кроме того, учитывая, что главные герои произведений созданы в соответствии с давними сексуальными стереотипами как в казахском фэнтези, так и в английском фэнтези, выяснение причин станет продолжением нашего исследования.*

*Ключевые слова: фэнтези, фольклорные мотивы, мифический образ, трансформация, детская литература*

*\*Ayagoz Ibragim<sup>1</sup>, Erkhana Karbozov<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Al-Farabi KazNU,*

*Republic of Kazakhstan, Almaty.*

*Accepted for publication on 08.09.23.*

## **REFLECTION OF FOLKLORE MOTIVES IN MODERN FANTASY LITERATURE**

*The article reveals the manifestation of universal and national folklore motifs and their change in the works of the fantasy genre, which, despite the fact that they are now in great demand, have not yet been theoretically studied enough. This article discusses the image models of Turkic mythology, the reflection of folklore elements based on descriptive methodology, the empiric approach on the example of the story «Batu and his friends» in search of the golden bowl» by Z. Nauryzbaeva and L. Kalaus and the fantasy novel by Taufikh Shegirov « Keleshek turaly », a comparative analysis is also carried out with the work of J. K. Rowling about Harry Potter. We can talk about two models of reflection of mythology in modern literature: the reconstruction of mythological «reality» or the creation of an author's myth based on the mythopoetic views of ancient peoples. The question of in what state and to what extent our folklore is transmitted in fantasy works, which resonates with a wide readership, formed the basis of this article. As a result of the analysis, it turns out that folklore archetypes play a major role in the above works and undergo a special transformation in them based on the author's interpretation. In addition, given that the main characters of the works are created in accordance with long-standing sexual stereotypes in both Kazakh fantasy and English fantasy, finding out the reasons will be a continuation of our study.*

*Keywords: fantasy, folklore motifs, mythical image, transformation, children's literature*

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz